



АСТАНА

АҚШАМЫ

ҚОШҚАРБАЕВ ТҰҒЫРҒА ҚОНДЫ

Кеше Астанада ұлтымыздың даңқты батыры, Рейхстагқа бірінші болып ту тіккен қазақтың ұлы, Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың ескерткіші ашылды.



Белгілі мүсінші Асқар Нартовтың қолынан шыққан, тұғырымен қосқандағы жалпы биіктігі 12 метр болатын батырдың қола мүсіні Қошқарбаев-Момышұлы даңғылдарының бойында бой көтерді. Ерекше оқиғаның басына қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, әскери оқу орындарының тәрбиеленушілері, батыр ұрпақтары, қаланың жұртшылығы жиналып, Рақымжан рухына тағзым етті. Тұлғаның туғанына тура 92 жыл толған күні елорда төрінен бой көтерген ескерткішті Астана әкімінің орынбасары Ермек Аманшаев ашып берді.



– Бүгін – астаналықтар үшін айрықша күн. Осы Сарыарқа, Ақмола өңірінен қазақтың талай батырлары мен ерлері түлеп ұшты. Талғат Бигелдинов, Сағадат Нұрмағамбетов, Әлмұқан Сембинов сынды батырлардың атқарған істері ұрпаққа өнеге. Олардың есімдерімен халық мақтанып, тұлғаларын ардақтайды. Осы қатарға Рақымжан Қошқарбаевты да сөзсіз қосуға болады. Батырдың ашылып отырған ескерткіші – астаналықтар кез келген уақытта тәу ететін, ағамыздың үлкен ерлігіне бас иетін орынға айналады, – деген Ермек Әмірханұлы аталмыш ескерткіштің бой көтеруіне үлкен үлесін қосқан «BI GROUP» компаниясына алғысын жеткізді.

ХАЛЫҚ ТІЛЕГІ ОРЫНДАЛДЫ

Бірде ғаламтор бетін шарлап жүріп, белгілі журналист Анар Төлеуханқызының «Хас батырдың ескерткіші қайда?» атты мақаласына жолығып қалдық. Онда автор бұл мәселені көтеруге Вокзал Кәрімұлы дейтін адамның қозғау салғанын айтады. Ақсақалдың: «Заманымыз жақсарып, елімізге тыныштық орнады. Экономикамыз күшейіп, бюджет қорымыз жыл сайын өсіп, жеке кәсіпкерлеріміздің де саны көбейіп келеді. Барлығы тамаша, бірақ өкінішке қарай, еліміздің бас қаласы Астанада Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың ескерткіші жоқ. Ескерткіш орнатылса, Мемлекет басшыларына халқымыз шексіз алғысын айтар еді» деген сөздерін де келтіреді. Шамаласaq, бұл осыдан төрт жыл бұрынғы әңгіме екен. Вокзал аға бұл арманына жете алмай, өмірден озып кетті. Бұл күнде әруағы риза шығар, кәсіпкерлер қолға алып, Астана билігі қолдап, ескірткіш бой көтерді.



Бұған «BI GROUP» инвестициялық құрылыс холдингі мұрындық болды. Ескерткішті орнатудың сырын аталмыш компанияның басқарма төрағасы Амангелді Омаров ашып, оның идеясы холдингтің мерейтойына орай былтыр «20 жылдыққа – 20 ізгі іс» бағдарламасының аясында қолға алынғанын жеткізді. «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында халқымыздың тарихының жарқын беттерін ашқымыз келді. Бұл ескерткіштің ашылуы соның бір жемісі» деді ол.

ЕРЛІКТІҢ ДАҢҚЫ ӨШПЕЙДІ

Кеңес заманында Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев сынды батырларымыздың майдандағы ерлігі лайықты бағасын алмады. Осыны жаңғыртқан мемлекет және қоғам қайраткері Қасым Тәукетегі қос батырдың ескерткіштері бір-біріне жақын маңда орналасқанын, бұл рухымызды көтеретін оқиға екенін айтып өтті. Ескерткіштің ашылуына Рақымжан Қошқарбаевтың қызы Әлия мен немересі Дәурен қатысты. «Ата-анамның әруақтары ризашылыққа бөленіп жатыр деп ойлаймын. Нағыз қазақ батырларының аттары, олардың елі үшін атқарған еңбектері ешқашан ұмытылмайды. Соған бәріміз куә болып отырмыз. Бүгін – әкемнің ұрпақтары үшін емес, баршамыз үшін үлкен той. Соған үлес қосқан барлықтарыңызға алғысым шексіз. Халқымыздың қаһарман ұлдарын биікке көтерер болсақ, біз сөзсіз Мәңгілік елге айналамыз» дейді Әлия Рақымжанқызы.

БАТЫР БАУКЕҢНІҢ АМАНАТЫ

Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі жайлы жазушы-журналист Кәкімжан Қазыбаев алғаш қалам тербеді. 1958 жылдың 21 ақпанында «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетіне «Рейхстагқа ту тіккен қазақ» очеркі шықты. Кейіннен «Кернеген кек», «Найзағайдай жарқылдап» повестері жарық көрді. Қаламгердің бұл тақырыпқа қалай келгені жөніндегі құнды естелікті жары Орынша Қарабалина-Қазыбаева жаңғыртты.

«Мен Дінмұхамед Қонаев пен Бауыржан Момышұлының туған келініндей болдым. Жолдасым Кәкімжан Қазыбаевты Баукең төрт жыл үйіне тұрғызып, өзімнің қара балам деп атаған. Батырдың жалғыз ұлы Бақытжан Кәкімжанды жан аға санайтын. Сол үйге мен келін боп түстім. 1958 жылдың ақпан айының басында қара баласын Бауыржан Момышұлы шақырып алып: «Сен кімсің өзің? Мамандығың журналист болса, сен не қылып жүрсің осы күндерге дейін? Соғыс біткелі 13 жыл. Сен журналист емессің, журналист болсаң Рақымжан Қошқарбаев туралы жазар едің ғой. Он исторический человек! Рақымжан тозақ отында болып, содан аман шығып, Рейхстагтың төбесіне ең алғашқы болып жеңіс жалауын тікті. Сол күннен бастап Рақымжанның өмірбаяны отпен жазылды. Осы жігіт жаңа ғана маған келіп, сәлем беріп кетті. Соны тауып, жаз» деп ұрсады» деген Орынша апай тұлғаларға қатысты өткен күндердің оқиғаларын жан-жақты ашып берді.

ҚАЗЫБАЕВТЫҢ ІЗДЕНІСІ

Кәкімжан Қазыбаев Рақымжан Қошқарбаевпен кездесетін күндері батыр Жаркент қаласында Қытайдан келген қазақтарды қарсы алып, орналастыру қызметін атқарады екен. Қаламгер іздене бастап, кітапханадан Василий Субботин, Борис Горбатов сынды журналистердің мақалаларын тауып оқиды. «Фронтвик», «Воин Родины» газеттерінің тігінділерін ақтарады. Соның нәтижесінде жоғарыда аты аталған алғашқы мақаласы мен кітаптары дүниеге келеді.

«Осы жылдары соның барлығының басы-қасында Баукең жүріп, Кәкімжанға бағыт беріп отырды. Жеңістің, 20, 25, 30, 35, 40 жылдықтарының барлығында жоғарғы жаққа Кәкеңнің қолымен, Әзілхан Нұршайықовтың ұйымдастыруымен бүкіл қазақ руханиятының мақтаныштары, еңбек ерлерінің атынан қаншама хаттар жөнелтілді. Бірақ бәрі де жауапсыз қалды. 1980 жылы Леонид Брежнев Қазақстанға келгенде бұл мәселе Дінмұхамед Қонаевтың аузымен айтылды. Сонда Брежнев: «Тарихты қайта қарамайды» деп жауап беріпті. Сонда бұл мәселеге нүкте қойылды. Бірақ Кәкімжан Қазыбаев өле-өлгенше отыз жыл бойы Рахаң жөнінде 23 ақпан және 9 мамыр күндері газет-журналдарға мақала беріп, радио-телевидениеде батыр туралы сөйлеп отыратын. 1988 жылы Рақымжан Қошқарбаев қайтыс болды. Бір жылдан кейін Кәкең дүниеден озды. Дүниеден өтер алдында бүкіл архивін сүйікті шәкірті Жанболат Аупбаевқа тапсырды» деді Орынша Қарабалина-Қазыбаева.

«МЕН ҚАЛАЙ МАРАТ АТАНДЫМ?»

Белгілі ғалым Марат Әбсеметовтың атын Рақымжан Қошқарбаев қойған екен. «Бізге жезде болып келетін Рақымжан Қошқарбаев соғыстан кейін Балқаш жағында Сарышаған стансасына басшылық етті. Сол жылдары әкем жол бойының милициясының бастығы болды. Алпысыншы жылдарының басында мен дүниеге келдім. Атым Нұрлан қойылған екен. Сонда шілдеhana тойы өтіп жатқанда Рақымжан ағамыз бастаған бір топ кісі қонаққа келеді. Сонда батыр аузыма түкіріп, атымды Марат қойды» дейді ол. Ескерткіштің басында осындай жарқын естеліктер айтылып, жырдан және қазақ салтымен тәттіден шашу шашылды.

P.S. Қазақстан мен Ресейдің қолдауымен «28 панфиловшы» фильмі түсіріліп, жуырда Ресей Президентінің елімізге сапары кезінде қос мемлекеттің басшыларына көрсетілді. Екі ел бұл қадамға панфиловшылардың ерлігіне күмәнмен қарағандардың күдігін сейілту үшін барды. Рақымжан Қошқарбаевтың ескерткіші Астанада бой көтерді.

Енді Григорий Булатов екеуінің ерлігін паш ететін көркем фильм керек сияқты. Себебі, Рейхстагқа алғашқылар болып ту тіккендері аңыз емес, ақиқат. Сол ақиқатты өзгелер мойындайтын кезең келді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ